

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы

25.05.2023 ж.

Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”

25.05.2023

Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы исследования тюркских рунических памятников»

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

ЗАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ –ТАРИХ АЙҒАҒЫ (ҚР ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙҚОРЫНАН)

Амирова М.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

mikka-o@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада түркі халықтарына ортақ ыдыстың түрі тегене жайлы айтылған. Тегененің жасалу жолы яғни көшпелі халық өміріне ыңғайлылығымен оның атқаратын қызметі, кімге тиесілі екендігі туралы толық ақпарат берілген. Сондай-ақ, тегененің иесі Шоқанның әжесі Айғаным ханша туралы мәлімет берілген. Айғаным ханшаның ел басқару ісіндегі патша үкіметімен келіссөздері хат арқылы баяндалған. Тегененің ҚР Ұлттық музейге «сый тарту» акциясы арқылы келгендігі жайлы да сөз болады.

Кілт сөздер: тегене, ыдыс-аяқ, ағаш, Айғаным ханша, қымыз, қоныс, күміс.

Abstract. This article about the type of dish common to the Turkic peoples. Detailed information about the way of making a horse, which is convenient for the life of the nomadic people, its function, and who owns it, is given. Also, there is information about the grandmother of Shokan, the Tegene, Princess Ayganym. The negotiations of Princess Ayganym with the royal government regarding the countries governance are described in a letter. It is also mentioned that Tegene came to the National Museum of the Republic of Kazakhstan through the donation campaign.

Keywords: tegene, tableware, wood, Ayganym Khancha, kumys, settlement, silver.

Түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінде ыдыс-аяқтардың алатын орны ерекше.

Ыдыс-аяқ түрлері табиғи-климаттық жағдайға, халықтың тұрмысы мен шаруашылығына тікелей байланысты. Дәстүрлі ортада көшпелі тұрмыс талаптарына сай ыдыс-аяқ түрлері, негізінен ағаш, тері тәрізді сынып-бүлінуге көп ұшырай бермейтін материалдардан жасалған. Сонымен бірге металдан, саз балшықтан күйдіріп жасалған ыдыс-аяқтар да ертеден қолданыста болған.

Ыдыс-аяқтардың Түркі халықтарының дүниетанымында алатын орны ерекше. Күнделікті тұрмыста пайдаланған ыдыстар ғұрыптық қызмет те атқарған. Мәселен, тоқшылықтың (қазаны тоқ, уайымы жоқ), сый-құрметтің (дәмдес, табақтас болу), береке-бірліктің, татулықтың (аяқ-табағы бөлінбеген, бір қазаннан ас ішкен) және т.б.

Алғашқы адамдар ғасырлар бойы ағаш өңдеумен айналысқандықтан, жиһаздың барлық түрі ағаштан жасалынған. Құлатқан ағашты бөліп кесе алмағандықтан оны бүтін күйінде өндеген. Жиһаздың барлық түрін, оның ішінде табақтар, астаулар мен қайықтар жасау үшін бүтін ағашты отпен күйдіріп,

пышақпен немесе тас балтамен жона өңдеумен бірге, оларды біртіндеп әшекейлеуді де үйренген.

Адам баласы өзінің ізденісінің арқасында жиһаздың жабайы түрін пайдалануды да меңгерген. Мысалы кесілген ағаштың түбірімен бірге бұталарын да іске жаратса, Оңтүстік Американың индустары екі ағаштың бас жағын байлап, төсек құрып, үстіне пальма жапырағын жауып, жатын орынға айналдырған [1:156]. Ағашты ежелден ата-бабаларымыз алғаш қолға ұстаған қаруы мен отыны да осы ағаш болған. Сол уақыттан бастап ағаштың атқаратын міндеті де арта түсті. Қазіргі қазақ халқының тұрмысындағы тұтынып жүрген аспаптардың барлығы дерлік ағаш затынан жасалған. Себебі ерте кездегі қазақтардың баспанасы киіз үйден бастап, күнделікті тұтынған қарапайым қасығына дейін ағаштан жасалған. Өйткені ағаштан жасалған бұйымдар ыңғайлы, пайдалануға тиімді, сондай-ақ, тұрмыстық зат қана емес, сән үшін де қолданылып, биік өнер дәрежесіне дейін жеткен. Бұл бұйымдарды әр әулеттің жағдайына қарай зерлеп, әшекейлеп жасалған дүниені тұтынып келген. Ертеректе бұл өнердің иелерін ұста, он саусағынан өнер тамған шебер деп құрмет тұтып келген. Ағаштан бедерлі, әшекейлі суреттер, оюлар жасау, яғни ағаштан түйін түйю қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі өнерлерінің бір түрі. Ыдыс-аяқтарды дайындау үшін алдын-ала қайың ағашының бездерін шауып алып, күн түспейтін жерде кептіріп, тұз салынған суға қайнатады. Қайнатқаннан кейін тағы да көлеңкеде кептіреді. Кепкеннен соң өңдеп, керекті ыдыс-аяқ жасаған. Мұндай әдіспен ағашты қайнатып жасалған ыдыстар ыстық пен суыққа шыдамды болып келеді. Көшіп-қонғанда жарылмай, сынбай ұзақ уақыт бойы қызмет етеді. Қайың ағашынан жонылып, тегене, астау, табақ та жылқы майының қайнатылған қазысымен сыланады. Ал күбіні қайың ағашының өзегін тазалап, кеңейту арқылы дайындаса, екінші түрі ағаштардан кішкене бөлік түрінде тақтайларды темірмен бекіту арқылы да жасайды. Ыдыстардың сыртын күміспен әсемдеп әшекейлесе, қазіргі таңда оюмен өрнектеу сәнге айналған. Бұрынғыбабаларымыз ағаштың жай-күйін жақсы білген. Сол үшін ыдыстарды көбіне ағаштың безі, яғни қатты жерінен жасап отырған. Ағаштан жасалған ыдыстар жарылып кетпес үшін оны маймен сіндіріп майлайды. Одан кейін ыдысқа су сінбейді. Тағы бір әдістің түрі құрсаулау. Үлкенді-кішілі шаралар мен күбінің сырттарын темірмен құрсаулайды. Біріншіден бұл ыдысты жарылмаудан сақтайды, екіншіден ыдыстың сырты, асты басқа заттарға соғылып мүжілмесін деп жасаған. Ағаш ұсталарының ағашқа арналған арнайы құрал-саймандары болады. Ағаштарды шабатын шот қашаудың түрлері, үскі секілді құралдар. Ағаштың жұмсақтығы, өңдеуге оңайлығымен қатар оның жеңілін жаратқан. Күнделікті қажетті бұйымдар ішінен сүт ашытып, май сығатын, ет салып, қымызқұятын ыдыстарды бүтін бір ағаштан өрнек, әшекейсіз-ақ жасайтын болған. Тексаба піспектері мен ожаулар сабы күміс кесінділермен көркемделіп, барлық ағаш ыдыстардың іліп қоюға арналған тесігі болған [1:1456]. Арасында ұста мен шеберлер ағаштан ойып ожаулар, тостағандар мен астаулардың көптеген түрлерін жасаған. Соның бірі-қайың ағашынан жонып, ойып дайындалған қымыз ішуге арналған тостаған. Тостағанды ойғанда қолға ұстауға ыңғайлы әрі жеңіл

етіп ояды. Ертеректе көшпелілер қойын сауып алып, отқа қызған тасты ағаш тостағандағы сүтке салып жіберіп пісіретін болған. Ол кезде мұны «тас қорық» деп атаған. Ата-бабаларымыз етке арналған астау-табағы мен құрт езетін астауы, сүт, ашымал, айран құятын шарасы, ожау, саптыаяқ, қасық сияқты барлық ас-үйге арналған ыдыс-аяқтары ағаштан жасалатын болған. Сыйлы және қадірлі қонақтарына қоятын ыдыс-аяқтарға күміс түйіршіктермен және көзге көрінетін асыл тастармен әшекейлеген. Ағаштан жасалған ыдыстың тағы бір ерекшелігі-оның көлемділігі. Мәселен бір қойдың еті бір ағаш керсенге сыятын болған. Осындай үлкен ыдыстарды жасауға қайың ағашының томарға жақын тұрған түбі мен көздерінен жасаған. Ыдыстардың сырттарын қоңыр және қызыл, сары түсті бояуларды пайдаланылды. Етке арналған шара мен қымыз құюға арналған тегене, шара, астау сияқты ыдыстар мұқият өңделіп, жылтыратылады. Беріктігі үшін мыс және күміспен шегелеп неше түрлі оюларымен өрнектеген. Қаймақ шайқауға арналған піспектер, шөміштер, шелекті оймыштап, әсемдеп күнделікті өмірде тұтыну үшін әдемілеп жасады. Сондай-ақ, сабаның піспегінің ұстайтын сабын, ожаудың сабын әшекейлеп әсемдеп жасаған. Бұларды оюлап өрнектеумен бірге сүйектен, күмістен әшекейлеген.

Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының алатын орны ерекше. Көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалатын бұйымдардың түрі сан алуан [2:102 б].



Қолөнері дамыған қазақтың ағаштан түйін түйген шеберлердің қолынан шыққан тегенені Ұлттық музейдің экспозициясынан көруге болады.

Тегене –қымыз құюға арналған қадірлі ыдыстардың бірі. Қатты ағаштан жиегі тік әрі қалың шабылады. Ағаштың өзінен шеңбер, яғни құлақ шығарады. Кейде темір, жез құлақтар тағылады. Сүйекпен, күміспен безендірілген тегененің іші кең әрі шұңғылдау болады. Өрнекті ағаш қақпағы ыдыс-аяққа қосымша талғампаздық береді.

Тегене – ол ауыр ыдыс, сондықтан оны тек мереке күндері ғана пайдаланады. Қалған уақытта ол майланады және тікелей күн сәулесі жоқ жерде сақталады.

«Ұлттық музейге сый тарту» акциясы бойынша Тегене ҚР Ұлттық музейінің қорына Сырымбет тарихи-этнографиялық музейінен келген. Айғаным қыстауының ас үйі тегенесі. Бұл тегене ағаштан ойып жасалған шұңғыл тік жиек ыдыс. Көшіп-қонуға ыңғайлап жасалған ыдыс түрі. Тегене қайта қалпына келтірілген. Диаметрі 30 см, іші шұңғылдау болып келген. Бұл ыдыс қымыз ішуге арналған.

Айғаным ханша – Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың кемеңгер әжесі. Шоқан Уәлиханов жайлы Ә. Марғұланның зерттеулерінде атап көрсетілгендей, Шоқанның әжесі Айғаным (1783-1853 жж.) көптеген шығыс халықтарының тілдерін білген, олардың бай ауыз әдебиеті үлгілерінің бірталайын жатқа айта

алған, орыс мәдениетінің маңызын қазақ әйелдері ішінде бірінші болып түсініп, баласы Шыңғысты 1827 жылы Сібірдегі әскери училищеге оқуға берген, орыс-қазақ достығын жақтап, аулына келген орыс зерттеулеріне қолайлы жағдайлар туғызып отырған, жас Шоқанның оларға еліктеуіне, сөйтіп өнер жолын қууына ешбір шектеу жасамаған, қайта баланы ойшылдыққа баулыған, алдыңғы қатарлы мәдениет пен ғылымды жоғары бағалап, немересі Шоқанның рухани өсуіне үлкен жағдай жасаған [3: 11-126].

Айғаным немересі Шоқанның бала тәрбиесіне де ерекше көңіл аударған. Ол туралы Жарылқап Бейсенбайұлы «Уәли ханның бәйбішеден туған бас мұрагері Абайділда орыс үкіметі ұсынған аға сұлтандықты менсінбей, бұлғаққа бейім боп шеттетіңкіреп жүрген кезде, Тобыл мен Омбы ұлықтары патша әкімшілігі мен Абылайдың қара шаңырағы арасындағы байланысты Уәлидің кіші әйелі Айғаным арқылы жүргізіп отыруды да назарда ұстағанды жөн көрген еді. Оны сол шақтағы ресми қатынас қағаздарында: «Аса құрметті ханша Айғаным Уәлиева» деп жазылатын құжаттар ауанынан да байқау қиын емес.

Ханымның арғы тегінің өзі де Абылай ханның бір қайын жұртына жатады. Шежіре деректері Абылайдың бір әйелі Айбаршаны-Көлденең Есіл бойын жайлайтын атығай-қарауыл руларының бас имамы болған Сарғалдақ қожаның қарындасы еді деп көрсетеді. Ал Айғаным – сол Сарғалдақтың баласы Қожахметтің қызы. Уәли оған жасы алпысты алқымдаған кезде үйленген. Жастайынан қожалар отбасының тәрбиесіне сай, мұсылманша хат таныған, араб, парсы тілдерінен хабардар, кітаби тілдегі діни қиссаларды оқып өскен, әр нәрсеге көзі қарақты Айғаным өзінің ақылдылығымен аз уақытта-ақ Уәлиді билеп алған көрінеді. Соның бір белгісі, оның бәйбішеден бөлек тұрамын деп қарт күйеуі Уәлиді әкесі Абылайхан ордасы тігілген Бурабайдағы Ханның Қызылағашы деп аталатын қара шаңырағынан қозғап, өз төркініне жақын Сырымбет тауының баурайына көшіріп әкелуі» [4: 396]. Осының жарқын мысалы бола алды. Айғаным тоғыз құрсақ көтерген алтын құрсақты ана болған.

1822 жылдың күзінде-ақ Айғаным сол кезде орталығы Тобыл қаласы болған Батыс Сібір өлкесінің бас басқармасына өз қарамағындағы жұрттың көші-қондық жерлерін заңдастырып бөліп беру және Сырымбеттегі қонысында жеке үй мен мешіт тұрғызуын сұраған өтініш білдіреді [4: 39-406]. Ол өтініштің қабыл алынғаны туралы С.Бегалин еңбегінде «Осы жерлерді сол болыстардың иелігіне бөліп беру туралы айтылған өтінішті қанағаттандырудың ыңғайлы әрі пайдалы екенін мойындай отырып, генерал-губернатор Қайсақ даласында тәртіп орнатуға 1823 жылы бөлінген 62 мың сомның қалдығынан бес мың сомға Уәли ханның жесірі мен оның отбасы үшін шағын үй және мешіт тұрғызу туралы шешімді бекітуіңізді сұрайды. Осы ұсынысты қарастыра келе, Сібір комитеті оны келтіретін пайдасы зор іс ретінде үлкен құрметпен қарауға лайық деп, оны толығымен бекітуді жөн санайды, бұған жоғарғы жақтың мәртебелі рұқсатын сұрайды.



Сібір комитеті мүшелерінің қойылған қолымен куәландырады

Растаймын: коллеж хатшысы (қолы) - деп жазылған. [5: 136].

Айғанымның ел басқару ісіндегі көрегендігін П.П. Семенов-Тянь-Шанский Уәлиханның орысқа бағынуын өзге туыстары, Уәлиханның балалары мен інілері, мойындағысы келмегенде, Уәлиханның жесірі Айғаным өзінің балаларымен бірге Россияның айнымас адал досы болып қалғандығын арнайы тоқтала жазған [6:146].

Осыдан кейін-ақ Айғанымның ықпалы қара шаңырақ қана емес көрші орыс әкімшілігімен де өзара қарым-қатынас орнатқаны туралы білеміз.

Қай істің де ығын дұрыс пайымдай білетін ақылды ханым бас ордадан ұласқан билік тізгінін өзінен өрген ұрпаққа мирас етіп қалдырудың бірден-бір жол – орыс әкімшілігімен тығыз байланыс құру екендігін де тап басып аңғара білді. Осы бағыт – хан билігі жойылғаннан кейін де оның Абылай көтерген қара шаңырақ тізгінінің ықпалын біраз уақыт өз қолынан шығармай ұстап тұруына септесті.

Сондай-ақ Айғанымның бала тәрбиесі мен отбасына көп көңіл бөлгені белгілі. Ыдыста ырыс бар демекші, бүгінде музей қорындағы Айғаным ханымның ұстаған тегенесі музей қорын толықтырып қана қоймай тарих қойнауынан сыр шертеді.

Әдебиет

1. Бейсенбайұлы Ж. Шоқан: – Алматы: «Қазақстан», 2009. – 608 б.
2. Қанафияұлы Н. Шоқан – әдебиетші, публицист: Зерттеу. – Алматы: Қазақстан, 1998. –184 б.
3. Музей құндылықтар ордасы. Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі. – Шымкент, 2018. – 251 б.
4. Мұхтарұлы С. Шоқан және Өнер: түсініктемеге негізделген иллюстрациялы ғылыми-публистикалық кітап. – Алматы: Өнер, 1985. –310 б.
5. Тұрғанбаева Л.Р. Заттар дүниесінің сыры. – Алматы, 2011. – 492 б.
6. Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. Бесінші том. Алматы, 2010. – 415 б.

ВОПРОСЫ ПРОИСХОЖДЕНИЯ АФФИКСОВ ПРИНАДЛЕЖНОСТИ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

*Андирова А.Е.
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан
alina_2807@mail.ru*